

Нысаналы топтардың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы N 29 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 02 сәуірде 2-13-111 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 405 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 30.09.2016 № 405 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 4-тармағына сәйкес, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Нысаналы топтардың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілерді іріктеудің тәртібі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Әлеуметтік жұмыс орындары халықтың нысаналы топтары үшін ұйымдастырылады.

3. "Кербұлақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі нысаналы топтардың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады.

4. "Кербұлақ аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген нысаналы топтардың жұмыссыздарының еңбекақысын аудандық бюджетте көзделген қаражаттан нысаналы трансферттерден қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы ол алғаш жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Болысбай Тоғысбайұлы Момбаевқа жүктелсін.

Нысаналы топтардың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу ережесі

1. Жұмыс беруші "Кербұлақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі-Уәкілетті орган) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға тапсырыс береді.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеген кезде Уәкілетті орган мынадай талаптарды: кәсіпорынның төлемге қабілеттілігін, жалақыны уақтылы төлеуін, жұмыс орнының қауіпсіздік техникасы нормаларына сәйкестігін, кәсіпорында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің нормаларының сақталуын, жұмыссызға Уәкілетті органмен жасалған шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыс беру мүмкіндігі ескереді.

Жұмыс беруші іріктеуге қатысу үшін құрылтайшы құжаттарын немесе жеке кәсіпкердің куәлігін ұсынады.

3. Жұмыс беруші Уәкілетті органмен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға шарт жасайды. Шартта тараптардың міндеттерін, жұмыстың түрін, көлемін, еңбекақы мөлшері мен шарттарын, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімі мен көздерін, жолданатын жұмыссыздар санын көрсетеді. Шарт алты айдан аспайтын мерзімде әрекет етеді. Жұмыс уақытша сипат алады және де оны ұйымдастыру үшін тұрақты және бос жұмыс орындарын пайдалану мүмкін емес.

4. Уәкілетті орган халықтың нысаналы топтарының жұмыссыздарына әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін жолдама береді.

5. Жұмыс беруші жолданған жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына қабылдайды, онымен қауіпсіздік техникасы нормаларына сәйкес еңбек шартын жасайды, жұмыс орнын береді және Уәкілетті органға белгіленген тәртіпте: бұйрықтың үзіндісін ұсынады.

6. Жұмыс берушілер еңбекақы төлемі бойынша шығыстардың орнын толтыру үшін Уәкілетті органға белгіленген тәртіпте 5-і күніне ай сайын: жұмыс уақытын есепке алу табелін, әлеуметтік жұмыс орны жөнінде есепті, жалақыны төлеу ведомості мен орындалған жұмыстың актісін ұсынады.

7. Нысаналы топтардың жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді

іріктеудің осы ережесінің орындалуын бақылау Уәкілетті органға жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК